

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 74-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 514-қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
сыныптары үшін «Оқу және тіл дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін «Оқу және тіл дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Оқу және тіл дамыту» пәнінің негізгі мақсаты – оқыған материалды дұрыс, жылдам, саналы түрде түсініп және мәнерлеп оқуға дағдыландыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, көркем шығармаларды қабылдау мен талдау негізінде білім алушылардың коммуникативті дағдыларын жетілдіру және рухани құндылықтарын қалыптастыру.

3. Оқыту міндеттері:

1) қазақ, орыс және әлем әдебиеті мен мәдениеті негізінде әлеуметтік тұрғыда табысты бейімделуіне ықпал жасайтын білімдерді, қабілеттерді, дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушылар көркем әдебиет шығармаларының авторлық түпкі ойын терең түсінулері үшін әдебиеттанушылық түсініктердің меңгерілуіне ықпал жасау;

3) білім алушылардың ұғымына лайықты мәтіндерді дауыстап және іштей оқу, оқыған шығармаларды саналы түрде түсіну дағдыларын қалыптастырып жетілдіру;

4) түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды терең түсіну мен саралау негізінде коммуникативтік дағдыларды дамыту;

5) білім алушылардың байланыстырып сөйлеуін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойына тұжырымдама жасай білу, ұқсастық пен себептік-нәтижелік байланысты анықтау дағдыларын қалыптастыру;

6) оқуға деген қажеттілікті қалыптастыру, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып оқу дағдыларын жетілдіру;

7) білім алушыларда адамгершілік қасиеттерін, еңбекке, Отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

4. Бағдарламаның мазмұны заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзету міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; еңжар және белсенді сөздік қорын өсіру; тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылыстарын түзеу; дислексияны, дисграфияны и дизорфографияны алдын алу және жеңу.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдердің іске асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы білім беру принциптеріне негізделген:

1) білім беру жүйесін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың даму ерекшеліктері мен деңгейіне және дайындығына сәйкес бейімдеу принципі;

2) оқытудың түзете-дамыта оқыту қағидасы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік ықпал ету ақыл-ой кемістігі бар білім алушының тұлғасын дамыту ерекшелігін ескере отырып білім берудің негізгі заңдылықтары мен құрылымын айқындайтын психологиялық ғылымның теориялық қағидаларына негізделеді. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушының тұлғасын дамыту олар жасай алатын әрекетті (заттық-практикалық және оқу) ұйымдастыру сипатымен анықталатындығын мойындауға құрылады;;

5) оқытудың практикалық бағыттылығы оқылатын материал мен білім алушылардың практикалық әрекетімен арасындағы өзара тығыз байланысты анықтауды, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешу үшін маңызды білім мен икемділіктерді қалыптастыруды білдіреді;

6) ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға саралап және даралап ықпал ету бағдарлама мазмұнын меңгеру мүмкіндіктерінің әркелкілігінен, әр түрлі типологиялық ерекшеліктері оқу материалын меңгеруде және алынатын білім, білік және дағдылардың сапасынан көрінетін ерекше білім беруге қажеттіліктерін есепке алуды қарастырады. Зерде бұзылыстары бар білім

алушылар үшін білім беру процесі 4 типологиялық топты құрайтын педагогикалық жіктелу негізінде іске асырылады (В.В.Воронкова бойынша): әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын тандап алады; оқу жұмысының қарқыны, оқушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады;

7) оқу және практикалық әрекетті арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың төмен танымдық белсенділігі мен ойлаудың талдау және жалпылау қызметінің әлсіздігіне байланысты болады. Мұғалім білім алушылардың танымдық-оқу әрекетін олардың жеке білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастырып бағыттайды.

6. «Оқу және тіл дамыту» оқу пәнін оқыту процесінде «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Айналадағы әлем», «Математика», «Жаратылыстану», «География», «Қазақстан тарихы», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау», «Бейнелеу өнері», «Музыка және ән», «Дене тәрбиесі» сабақтарымен пәнаралық байланыс орнатылады.

7. Сынып бөлмесіндегі жиһаз жеке, жұп немесе топ ішіндегі жұмыс түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік беру үшін қозғалмалы болады.

8. Бағдарламаны меңгеру барысында көрнекілік пен техникалық құралдарды ұтымды пайдалану білім алушылардың тілін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, материалды жеңіл меңгеруіне ықпал етеді, сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

9. Сыныптан тыс оқу сабақтары айына 1 рет жүргізіледі. Сабақтан тыс оқу сабақтарында білім алушылар олардың түсінуіне қол жетімді балалар әдебиетімен танысады. Оқуға деген қызығушылығын арттыру, қызығушылық тудыратын кітаптарды таңдауға, балаларға арналған кітаптардағы, газеттер мен журналдардағы әңгіме, ертегілерді, мақалаларды өз бетімен оқу әдетін қалыптастыру.

10. Сыныптағы білім алушылардың мүмкіндіктерімен ерекше оқыту қажеттілігіне байланысты тақырыпты меңгеруге қажет сағат санын мұғалім өзі анықтап, жоспарлайды; өткен материалды қайталау және бекіту барысында мұғалім білім алушыларға топтық және жеке жұмыстарды ұйымдастырады.

3-тарау. «Оқу және тіл дамыту» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

11. «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;

- 5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
 6) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.
 12. «Оқу және тіл дамыту» пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Тыңдалым және айтылым»;
- 2) 2-бөлім «Оқылым»;
- 3) 3-бөлім «Тілдесу».

13. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннен ақпаратты анықтау;
- 3) негізгі ойды анықтау;
- 4) сахналау және драмалау.

14. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) оқылым стратегияларын қолдану;
- 2) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 3) сыныптан тыс оқу;
- 4) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

15. «Тілдесу» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қарым-қатынастық дағдыларын дамыту;
- 2) жағдаятты болжау.

16. Пәнді оқыту барысында келесі тақырыптар қамтылады: қазақ халқының өмірі мен еңбегі, саяси-қоғамдық оқиғалар, кең-байтақ Ұлы Отанымыз, адамдардың достық қарым-қатынасы, бейбітшілік жолындағы қызметі; табиғат, оны қорғау; Тәуелсіздік күні, Президент күні, Астана күні, Конституция күні, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Жеңіс күні, Балалар күні, Наурыз, Білім күні. Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктер жөнінде жазылған әңгімелер, мақалалар, өлеңдер. Осы тақырыптар сыныптан сыныпқа қайталанып, күрделеніп, толықтырылып оқытылады.

17. «Оқу және тіл дамыту» пәнін оқыту лексикалық тақырыптар және жазушылар мен ақындардың шығармаларымен білім алушыларды таныстыруды көздейді (таңдау бойынша).

18. 5-сыныпқа арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: жеңіл мәтіндердің жалпы мазмұнын; аудио таспаға жазылған шағын шығармаларды түсіну; мәтіннің мазмұны бойынша негізгі сұрақтарға жауап беру; мәтінде түсініксіз сөздер мен сөйлемдерді табу; астарлы сөздерді қолдану; кейіпкерлерді, оқиғаларды, табиғат көріністерін сипаттайтын сөздер мен сөйлемдерді іріктеу; мұғалімнің көмегімен көркем шығарманың негізгі ойын анықтау; мұғалімнің көмегімен әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу; ертегілерді сахналауға қатысу;

2) оқылым: тұтас сөздермен дауыстап дұрыс оқу; мәнерлеп оқу: мәтіннің мазмұны мен мағынасына сәйкес интонация мен сөз қарқынын сақтау (кідіріс, логикалық ойлау дауыс сарыны); рөлге бөлініп оқу («драматизация»); қойылған сұраққа жауап табу; тақпақтар жаттау; мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау;

3) тілдесу: мәтін, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; тақырыптық диалогтар құру, құрастырған диалогтың мағынасын дұрыс түсіну; мәтіндегі суреттер арқылы жағдаятты әрі қарай болжау.

19. 5-сынып бойынша оқылатын шығармалар:

1) халық ауыз әдебиеті: «Әлди, әлди бөпешім» (бесік жыры); мақал-мәтелдер; жұмбақтар; жанылтпаштар; санамақтар; ертегілер: «Қыз бен аю» «Ақымақ қасқыр», «Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?»; «Жүзім жегісі келген қасқыр»; «Мақтаншақ қоян»;

2) туған табиғат көріністері (күз): «Күз айлары» А.Мусина; «Күз келді» М.Әлімбаева; «Бидай мен шырмауық» Әдина Жүсіп; «Отынға барғанда» Ә.Шынбатыров; «Нан» Е.Елубаев; «Нан қадірі»;

3) менің достарым: «Дос» Қ.Ыбыраев; «Баға» Г.Бірімжанова; «Адал дос» М.Төрежанов; «Шың достық» Қ.Көпішев; «Игілік» Е.Өтетілеу ұлы; «Сәкенің жеңісі» Д.Төлебаев; «Үш жолдас» Д.Көбеева; «Жүз теңген болғанша» О.Жұматаева; «Достық» А.Әбутәліп; «Бірлік» Е.Өтетілеуов; «Досым және мен» М.Әлімбаев; «Садақ жебесі» Ә.Қосанов; «Үш дос» М.Төрежанов;

4) менің Қазақстаным: «Отаным» К.Тұяқбай; «Біздің ту. Елтаңба.Әнұран»; «Отан деген» А.Лиясова; «Сенің Отаның» Б.Ысқақов; «Астана» Д.Төлепбек; «Елбасы» Д.Өтепберген; «Тәуелсіздәк деген не?» Ш.Күмісбайұлы; «Тәуелсіздік» Нұрлан Қалқа; «Киіз үй мен ағаш үй» Ы.Алтынсарин; «Жайлау» А.Нұрмаханов; «Жайлаудағы той» А.Мусина; «Армысын ауыл» Сұлтан Калиұлы; «Ана тілі»; Әлдібай Тобылды; «Заңды білсең, адаспайсың» Б.Әділден; «Отан тобасы» «Ұлан» газетінен; Отаным менің Э.Жәрімова;

5) туған табиғат көріністері (қыс): «Қыс айлары» А.Мусина; «Қар жауған күн» Г.Мұқышева; «Қыз қызығы» Бекен Датұлы; «Қар тоқтату»; «Суықторғай» Қ. Баянбаев; «Жаңа жыл» Ә.Асылбеков; «Шыршада» Р. Мұқанова; «Терезедегі өрнек»; «Қар жауғанда» Алматы Исәділ; «Төбешік» Н.Носов; «Аяз» Қ.Толыбаев;

6) жануарлар әлемі: «Төлдерді қалай шақырады» О.Тұрманжанов; «Ақ ешкі» С.Сауытбековтан; «Бота мен бұзау» Қ.Толыбаевтан; «Кішкентай кірпі» Қуанышбек Қожахмет; «Саққұлақ» Бердібек Сопакбаев; «Бұғының мүйізі» Т.Жексенбайдан; «Түлкі мен ешкі» Ы.Алтынсарин; «Тиін мен қасқыр» Л.Н.Толстой; «Әдемі тиін» Т. Жексенбай; «Керік» Б.Үсенбаевтан; «Ақылды күшігім» А.Мұхитова; «Қоян мен қаракұстар» І.Қожабаевтан; «Балапан» «Ұлан» газетінен; «Қаңғыбас көжек» Т.Әдебиет;

7) туған табиғат көріністері (көктем): «Көктем айлары» А.Мусина; «Тәтті сәбіз» Б.Мұстафин; «Көктем келді» Зура Мейірханова; «Ең жақсы маусым» С.Оспанов «Құс ұясын бұзбайық» Ө.Тұрманжанов; «Кім бұрын өсер екен» С.Баруздиннен Аударған Л.Әсенова; «Көктем» Даулет Жетпіс; «Табиғатты қорға» Қ.Аймағамбетова; «Қызыл гүл» Ж.Әлмешов; «Сегізінші наурыз күні» С.Оспанов, «Сыйлық» Т.Әбдірайым; «Сарышымшық» М.Төрежанов; «Наурыз жыры» О.Асқар «Наурыз көже»; «Бата»; «Маржан мен жауқазын» З.Мейірхановадан; «Күміс жаңбыр төгілді» М.Әлімбаев; «Көк шыбық»;

8) жақсылыққа асығындар: «Еңбек» Н.Жанаев; «Еңбек жемісі» Б.Әділ; «Жанар қалай кір жуды» Т.Әбдірайым; «Қолғанат» Н.Қадырбаев; «Асыл шөп» Ы.Алтынсарин; «Бақыт деген не?» Жәнібек Кәрбозин; «Кішентай көмекшілер» А.Хасенова; «Сақманшы» М.Құрманалин; «Тілазар» С.Аймаханқызы; «Дүкенде» М.Гумеров; «Қатқан нан» В.Сухомлинский; «Жалқау» Д.Қасенов; «Екі қыздың оқиғасы» А. К. Кусниденова; «Дәмді сорпа» Мәдіхат Төрежанов; «Манаттың кемшілігі» Әдина Жүсіптен;

9) туған табиғат көріністері (жаз): «Жаз айлары» А.Мусина; «Жаз келді» М.Амандықова; «Лагерьеде» А.Мусина; «Көңілді жаз» Ө. Ақыпбеков; «Жаздың бір аптасы» Ш.Мамасерікова; «Балаларды қорғау күні» Е.Өтетілеуов.

20. 6-сыныпқа арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: аудио таспаға жазылған әртүрлі жанырдағы шағын мәтінді естіп, мазмұнын түсіну; мәтіндегі жаңа сөздерді тауып, мағынасын түсіну; мағынасы ұқсас және қарама-қармы мәндес сөздерді іріктеу; шығарманың және оның бөліктерінің негізгі ойын анықтау; мұғалімнің көмегімен әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу; шағын шығармаларды сахналауға қатысу;

2) оқылым: шағын ертегі, тақпақ, мәтіндерді мәнерлеп, дұрыс, интонациясын сақтап, тыныс белгілеріне тоқтап оқып, негізгі мазмұнын түсіну; әдеби сөздің нормаларын сақтай отырып саналы түрде дауыстап дұрыс оқу; іштей оқу; тақпақтарды жатқа айту; мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау және өз таңдауын дәлелдеу; сыныптан тыс оқу; мұғалімнің көмегімен балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты алу;

3) тілдесу: мәтін, сурет, ертегі, іс-әрекеттер бойынша; таныс заттардың басты белгілерін анықтап, сипаттау; сұраққа толық жауап беру, жауапты кеңейту, өздігінен сұрақ қою; диалогке даярлықсыз қатысу.

21. 6-сынып бойынша оқытылатын шығармалар:

1) халық ауыз әдебиеті: «Қарға, қарға қарғалар...»; тұрмыс-салт жырлары: «Әлди бөпем, әлди ау!» (бесік жыры), «Қаз-қаз балам, қаз балам» (тұсау кесер жыры), «Наурыз жыры», «Арыстан мен кісі», «Аю, түлкі және қойшы» «Күшік пен мысық» ертегілері; мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар;

2) туған табиғат көріністері (жаз, күз): А. Құнанбаев «Жаз», «Күз», С. Торайғыров «Шілде». Қ. Мырза Әлі «Жаз», «Табиғат- жаратылыс пернесі». Е.Өтетілеуов «Күз», К. Г. Паустовский «Жазбен қоштасу», Ғ. Қожахмет «Күз әуені»; табиғат құбылыстары туралы әңгімелер, мақал-мәтелдер;

3) менің достарым: С.Қалиұлы «Сәлем саған, мектебім», О.Асқар «Достық», С. Михалков «Достар өлеңі», Ж.Өтегенова «Бізде оқитын Алшабек»;

4) менің Қазақстаным: Ө. Тұрманжанов «Туған өлкем», О. Асқар «Үйрен ана тіліңді», «Өз туым», Бақытбек Бәмішұлы «Ту», «Әнұран»;

5) туған табиғат көріністері (қыс): А.Құнанбаев «Қыс», Е.Елубаев «Шаңғы жол», М.Пришвин «Соңғы аяз», «Қар астындағы құстар». С. Есенин «Қыс»;

б) жақсылыққа асығындар: Зейнел-Ғаби Иманбаев «Достар», Л.Н.Толстой «Дәнек (сүйек)», А. К. Кусниденова «Екі қыздың оқиғасы I- бөлім - Іскергүл», «Екі қыздың оқиғасы. I бөлім - Жалқаугүл»; В.Сухомлинский «Қатқан нан»; Е.Елубай «Ерлік мәңгі есте»;

7) туған табиғат көріністері (көктем): Б.Қозыкеев «Құс келеді». Д.Қанатбаев «Күлімде күн күлімде», Ө.Тұрманжанов «Көктем келді гүл алып», Нұрхан Жанаев «Гүл өсірсен, терлеп...», М.Пришвин «Көбелек»;

8) жануарлар әлемі: Ө. Тұрманжанов «Ай мүйізді ақ қошқар», Зейнел-Ғаби Иманбаев «Айқас», «Мақтаншақ маса» мысал, «Жекпе жек», «Түлкі мен қоян», Хайуанаттар жайындағы ертегілер: «Арыстан мен түлкі», «Батыл есек», С.Боранбаев «Қайсысы қалай ішеді?», С. Оспанұлы «Тырна», «Көкек», «Қырғауыл», «Бөдене». Л.Н.Толстой «Қорқақ қояндар», «Құмырсқалар туралы».

22. 7- сыныпқа арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: карапайым әдеби мәтіндерді тындау, түсіну; аудио және видео таспаға жазылған сөйлемдердің түрін интонациясына байланысты ажырату; мағынасы ұқсас және қарама-қармы мәндес сөздерді іріктеу; шығарманың негізгі ойын анықтау; әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу;

2) оқылым: әдеби шығармаларынан қысқа үзінділерді интонацияларын сақтап, мәнерлеп саналы түрде оқу; тақпақтарды жатқа айту, мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау және өз тандауын дәлелдеу; жазушылардың өмірінен негізгі ақпараттарды білу; балаларға арналған газет, журналдардан шағын мақалаларды өзбетімен оқу; кейіпкерлердің қылықтарын бағалау;

3) тілдесу: көрнекілік, рөлдік ойындар, жағдаяттар бойынша: сұрақтарға, үлгілерге сүйеніп, диалогтік сөйлеуге қатысу; шағын мазмұндама, құрастыру (тірек сөздер, ретсіз сөйлемдер, сурет бойынша); тақырыптарға сай тақпақ, жұмбақ жаттау, мазмұнын ауызша айтып беру.

23. 7-сынып бойынша оқылатын шығармалар:

1) халық ауыз әдебиеті: Тұрмыс-салт жырлары (малдың баласын сүюі - қой, сиыр, жылқы, түйе); төрт түлік малға қатысты тыйым сөздер; шешендік сөздер: «Бала Әйтекенің билігі»; «Халқыңа адал бол»; «Қазыбек би жайлы әңгіме»; Сырым шешен; мақал-мәтелдер: еңбек туралы, оқу-тәрбие туралы. Ертегілер: «Ұр, тоқпақ»; «Ақыл, білім, бақыт»; «Торғай мен тышқан»; «Құмырсқаның қанағаты». Аңыз әңгімелер: «Асан қайғының жерұйықты іздеуі»; «Жиренше шешен»; «Алдар көсе мен Бай баласы»; «Қожанасырдың есек суаруы»;

2) XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Д.Бабатайұлы «О, Ақтан жас»; «Аяғөз қайда барасың?». М.Өтемісұлы «Қызғыш құс»; «Біз ер едік». Ы.Алтынсарин «Атымтай Жомарт»; «Ананың сүюі»; «Әке мен бала»; «Сәтемір хан»; «Таза

бұлақ». Ш.Құдайбердиев «Бір кесе меруерт». А. Құнанбайұлы «Әсемпаз болма әрнеге»; «Ғылым таппай мақтанба»; «Берекелі болса ел...»;

3) ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті: С.Көбеев «Түлкі мен қырғауыл»; «Атасы мен немересі»; «Өсиет». М.Дулатов «Оқымысты бала»; «Мектептен». Ж.Аймауытов «Қартқожаның туған жері»; «Айт, шүү, ала атым!». М.Жұмабаев «Балалық шақ»; «Мен жастарға сенемін». С.Торайғыров «Кедей»; «Шәкірт ойы». С.Сейфулин «Қызыл шұнақ»; «Туған ел». Б.Майлин «Күлпаш». І.Жансүгіров «Малта». А.Тоқмағамбетов «Бидай мен қаңбақ»;

4) заманауи қазақ әдебиеті: Д.Әбілев «Астанаға ақбата». С.Сарғасқаев «Шыбық». Н.Қазыбеков «Наурыз көже». Е.Өтетілеуов «Отан». С.Қалиұлы «Елтаңбасы елімнің», Күмісбайұлы «Көктудің желбірегені». З.Бейсенбаев «Астана қаласы – жаңа астана». Ш.Сариев «Тәуелсіздік монументі»
Ө.Ақыпбекұлы «Сөз сиқырын ұғайық»;

5) әлем әдебиеті: А.С.Пушкин «Күтушіге». М.Ю.Лермонтов «Бұлбұл мен көкек»; «Желкен». Ф.В.Сухолинский «Орманда бәрі ән шырқайды»; «Қалтадағы бал». И.В.Крылов «Аққу, Шортан, Шаян»; «Құмырсқа мен шегіртке». Ханс Кристиан Андерсен «Тебен ине». Р. Киплинг «Рикки-Тикки-Тави». Марк Твен «Том Сойердің басынан кешкендері» Д. Родари «Алисань арманы» Назым Хикмет «Үш жігіт туралы хикая», Р. Гамзатов «Ана тілі».

24. 8-сыныпқа арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: аудио және видео таспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау, неізгі ойын түсіну; мұғалімнің көмегімен кейіпкерлерге мінездеме беру; мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша, толық, қысқа, теріп айту; әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу;

2) оқылым: әдеби шығармаларды саналы түрде оқу; тақпақтар мен прозалық үзінді жаттау; қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; балаларға арналған кітаптарды, газет, журналдардан мақалаларды өзбетімен оқу; мұғалімнің көмегімен талқыланып жатқан оқиғаны бағалау; мұғалімнің көмегімен энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу;

3) тілдесу: қатынас мақсатын (хабарлау, түсіндіру, сұрау, ой бөлісу) жағдайын (көңілді, көтеріңкі, сабырлы) ескере отырып, әңгімеге, диалогке қатысу; сөйлеу тәртібін сақтау: сөйлесіп тұрған адамды тыңдау, орынды сұрақ қою; өтілген және кім туралы? не туралы? не істедің? не істеп отырсың? не істейсің? не істедіндер? сұрақтарына дұрыс жауап беру; тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау.

25. 8-сынып бойынша оқылатын шығармалар:

1) ауыз әдебиеті: «Аяз би» ертегісі; Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» толғаулары; ертегілер: «Қарлығашпен дәуіт», «Алтын сақа», «Түлкі, тасбақа, кене», «Бір үзім нан». «Қожанасырдың

хикаялары», мысалы, «Ер-азамат екі сөйлемес болар»; білім, еңбек туралы мақал-мәтелдер. Жаңылтпаш пен жұмбақтар;

2) XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Ш.Құдайбердиев «Жаз келер», «Ақылшыл торғай», М. Сұлтанқожаұлы «Артық қой халыққа қылған бір әділ іс» өлеңі, «Жолдас болсаң жақсымен»-үзіндісі, Ы.Алтынсарин «Тазша бала» Ж.Аймауытов «Қыс», «Жаз келді». «Жазғытұрым»;

3) XX ғасырдағы қазақ әдебиеті:С.Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі; О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі; Т. Жароков «Ауыл күзі» өлеңі, М. Қабанбай «Бауыр» әңгімесі. І. Жансүгіров «Қара бауыр».С. Сейфуллин «Жер қазғандар», «Көкшетау», М. Мақатаев «Жасыл бағым жайнаған». Ж. Бөдеш «Қандай жақсы» С. Бегалин «Саяхатшылар» өлеңі, «Жас бұтақ», «Мектеп бағында»әңгімелері, Ә. Шәріпова «Партизан қызы». Ж.Жабаев «Атамның әлдіі», «Балаларға»;

4) заманауи қазақ әдебиеті: З.Наурызбаева, Л. Калаус«Алтын тостаған іздеу. Бату және оның достарының оқиғалары». С. Дуйсенбиев «Алматының апорты» әңгіме. Н. Айтөв «Отан»;

5) әлем әдебиеті: М.Ю.Лермонтов «Ақ желкен» «Бородино», И.А.Крылов «Қарға мен түлкі», «Піл мен қанден», Л.Н.Толстой «Қасқыр күшігін қалай үйретеді», «Жел неден пайда болады?», А.С. Пушкин «Бұлт». Г.Х. Андерсен «Түйме қыз» ертегісі. М.Пришвин «Сәуір күні», «Серуен». Д. Лондон «Әппак тыныштық».

26. 9-сыныпқа арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: басылымдардағы шағын (газет, журнал) мақалаларды түсіну; шығарманың негізгі идеясын түсіну; мәтіндегі абзацтың рөлін түсіну; күрделі сөздерді түсіну; аудио және видео таспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау, неізгі ойын түсіну; өз бетімен әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу, сахналау;

2) оқылым: орфоэпиялық норманы және негізгі ерекшеліктерді сақтап әдеби шығармаларды оқу; жоспар құру, жоспар бойынша мазмұнын айту; сыныптан тыс газет, журнал, қолжетімді шағын шығармаларды оқу; тақпақтар мен прозалық үзінді жаттау; қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; балаларға арналған кітаптарды, газет, журналдардан мақалаларды өзбетімен оқу;

3) тілдесу: мәтінмен жұмыс істеу кезінде әңгіменің негізгі құрылымын сақтау (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) логикалық кезектілігін сақтап, себепті - салдарын ашу, тілдің лексикалық грамматикалық құралдарын дұрыс қолдану; басталған әңгімені жалғастыру; қысқа ертегі, әңгімелердің мазмұнын айту; күнделікті тұрмысқа, оқуға, қатынасқа қатысты жағдаяттарда қарым-қатынас жасап сөйлесу, сұрақ қою, диалогті қолдау; мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау.

27. 9-сынып бойынша оқу пәнінен оқылатын шығармалар:

1) халық ауыз әдебиеті: қиял-ғажайып ертегілер: «Алтын мүйізді киік», «Молда, ұста, тігінші»,«Керкұла атты Кендебай» ертегісі. Алдар көсе

жайындағы аңыздар, мысалы «Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай». Елдік туралы мақал-мәтелдер. Өнер-білім турлы мақал-мәтелдер. Жаңылтпаш пен жұмбақтар. Өтірік өлеңдер;

2) XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңдері, қара сөздері: «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз». Шәкәрім Құдайберді ұлы «Ұлыстың ұлы күнінде»;

3) XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: М.Дулатов «Оқымысты бала», «Мектептен». Б.Майлин «Наурыз», Ж.Жабаев «Июнь жарлығы», «Шәкірт балаларға». Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа»; Н.Ақыш «Қиырдан келген көгершін». С.Мұқанов «Батыр қыз», «Бақташының баласы» С.Бегалин «Ойламаған жүріс», «Ұрыншақ», М.Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы» (үзіндісі), С.Сарғасқаев «Сұлтүрде достар көп» Е.Өтетілеуов «Ана тілегі», «Алтай»;

4) заманауи қазақ әдебиеті: М. Шаханов «Нарынқұм зауалы»; Е.Жүніс «Менің атым -Тәуелсіздік» өлеңі, К.Салықов «Астана - азияның ару қызы», М.Әлімбаев «Ана тілі», «Сен ортақ дастарқансың бәрімізге»;

5) әлем әдебиеті: Н.А.Некрасов «Мазай атай мен қояндар», А.Пушкин «Қысқы кеш», И.А.Крылов «Ат пен есек», Л.Н.Толстой «Өртсөндіргіш иттер», «Филипок», «Мюнхаузен хикаялары» неміс ертегісі, «Көлеңке сатып алған жігіт» корей халық ертегісі.

28. 10-сыныпқа арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтіннің мазмұнын толық айту; газет, журнал, мақалаларындағы қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылу нормасын, интонациясын сақтап, саналы оқып түсіну, сұраққа жауап беру; қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; оқыған кітаптар, газет, журналдағы мақалаларға пікір құрастыру; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану;

2) оқылым: орфоэпиялық норманы және негізгі ерекшеліктерді сақтап әдеби шығармаларды оқу; жоспар құру, жоспар бойынша мазмұнын айту; сыныптан тыс газет, журнал, қолжетімді шағын шығармаларды оқу; тақпақтар мен прозалық үзінді жаттау; қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; балаларға арналған кітаптарды, газет, журналдардан мақалаларды өзбетімен оқу;

3) тілдесу: диалог, монолог құрастыру; әртүрлі жағдаяттар жағдайында сөйлеу мәдениетін сақтап диалогке, әңгімеге қатысу, сұрақ қою; өз ойын түсінікті, толық жеткізу; мәтіннің басты кейіпкерлерін өзбетімен сипаттау; қысқа әңгіме, ертегілердің, тақпақ, өлеңдердің мазмұнын айту; мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау.

29.10-сынып бойынша оқу пәнінен оқылатын шығармалар:

1) халық ауыз әдебиеті: Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы; «Қобыланды батыр» жыры; Қиял-ғажайып ертегілер: «Достық», «Үш

батыр», «Ішкі сұлулық пен сыртқы сұлулық» әңгімесі, Батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдер. Адамгершілікке байланысты мақал-мәтелдер. Жаңылтпаш пен жұмбақтар. Өтірік өлеңдер;

2) XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Ы. Алтынсарин «Өсиет өлеңдер», «Әй жігіттер». Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі;

3) XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Ж. Аймауытов «Ұран», «Ұршық». М.Әуезов «Көксерек», М. Хакімжанова «Мәншүк», С.Бақбергеновтің «Талғат» повесі (үзінділер). Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі, С.Бегалин «Жершіл шымшық», «Бес батыр», «Бала Шоқан (Мүсінші мысық)» әңгімелері. Ж.Жабаев «Ленинградтық өрендерім», «Жастық жыры». С.Мұқанов «Бақташының баласы» («Жаралы құлын»). С. Сарғасқаев «Тәмпіш қара» (үзіндісі). Ш. Мұртаза «Интернат наны». Сағынғали Сейітов «Науан Наурыз, армысың!»;

4) заманауи қазақ әдебиеті: М. Шаханов «Желтоқсан алаңы». Қ. Сарин «Тәуелсіздік», «Астана». Е.Жүніс «Астана метаморфозасы» (үзінді). М.Қаназов «Жер кіндігі». Н.Айтов «Қазағым». Ф.Тайтелиев «Өмір жаңғырығы», «Құнды сурет» өсиет әңгімелер;

5) әлем әдебиеті: А.С.Пушкин «Ескерткіш»; М.Шолохов «Адамның тағдыры». Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі. Л.Н. Толстой «Балалық шақ». (үзінділері), «Федотка», М.Пришвин «Батпақ». В.Осеева «Васек Трубачев және оның жолдастары».

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

30. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді; кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді, мысалы, 5.5.1.1 кодында «5» - сынып; «5.1» - дағдылар; «1» - оқу мақсатының реттік нөмірі.

31. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) тыңдалым және айтылым:

1-кесте

Бөлімше лер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Ақпарат ты түсіну	5.1.1.1 жеңіл мәтіндерд ің жалпы мазмұны н түсіну 5.1.1.2	6.1.1.1 мәтіннің негізгі мағынасы н түсіну 6.1.1.2 аудио	7.1.1.1 карапайы м әдеби мәтіндерд і тындау, түсіну 7.1.1.2	8.1.1.1 мәтінні ң негізгі мағынас ын түсіну, анықтау	9.1.1.1 басылым дардағы шағын (газет, журнал) мақалала	10.1.1.1 естіген мәтіндер дің негізгі мазмұны н түсіну

	аудио таспаға жазылған шағын шығармаларды түсіну	таспаға жазылған әртүрлі жанырдағы шағын мәтінді естіп, мазмұнын түсіну	аудио және видео таспаға жазылған сөйлемдердің түрін интонациясына байланысты ажырату	8.1.1.2 аудио және видео таспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау. Неізгі ойын түсіну	рды түсіну 9.1.1.2 шығарманың негізгі идеясын түсіну 9.1.1.3 мәтіндегі абзацтың рөлін түсіну 9.1.1.4 күрделі сөздерді түсіну 9.1.1.5 аудио және видео таспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау. Неізгі ойын түсіну	10.1.1.2 аудио және видео таспаға жазылған әртүрлі жанырдағы материалды тыңдау. Түсіну. Қысқаша неізгі ойын жеткізу
1.2 Мәтіннен ақпаратты анықтау	5.1.2.1 мәтіннің мазмұны бойынша неізгі сұрақтарға жауап беру 5.1.2.2 мәтінде түсініксіз сөздер	6.1.2.1 мәтіндегі жаңа сөздерді тауып, мағынасын түсіну 6.1.1.2 сұраққа өздігінен жауап бергенде	7. 1.2.1 басты кейіпкерлердің сипатын, іс-әрекетін тауып, көрсету 7.1.2.2 мағынасы ұқсас	8.1.2.1 мәтіндегі сөз мағынасының ерекшеліктерін ажырату 8.1.2.2 мұғалімнің көмегім	9.1.2.1 жаңа сөздердің мағынасын меңгеру	10.1.2.1 шығарманың мазмұнын түсініп керекті ақпаратты анықтау

	мен сөйлемдерді табу; астарлы сөздерді қолдану 5.1.2.3 мәтіндегі сөздер мен сөйлемдерді қолдану 5.1.2.4 кейіпкерлерді, оқиғаларды, табиғат көріністерін сипаттайтын сөздер мен сөйлемдерді іріктеу	жаңа сөздерді қолдануға үйрету 6.1.1.3 түсініксіз сөздерді табу 6.1.2.4 мағынасы ұқсас және қарама-қармы мәндес сөздерді іріктеу	және қарама-қармы мәндес сөздерді іріктеу	ен кейіпкерлерге мінездеме беру 8.1.2.3 кейіпкерлердің мінез-құлығын ың ерекшеліктерін мәтіннен мысал келтіріп, сипаттап беру 8.1.2.4 мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша, толық, қысқа, теріп айту		
1.3 Негізгі ойды анықтау	5.1.3.1 мұғалімнің көмегімен көркем шығарманың негізгі ойын анықтау 5.1.3.2 мұғалімнің	6.1.3.1 шығарманың және оның бөліктерінің негізгі ойын анықтау	7.1.3.1 шығарманың негізгі ойын анықтау	8.1.3.1 шығарманың негізгі идеясын анықтау	9.1.3.1 шығарманың негізгі мағынасын анықтау	10.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау

	көмегімен кейіпкерлердің қылықтарына деген көзқарастарын анықтау					
1.4 Сахналау және драмалау	5.1.4.1 мұғалімнің көмегімен әдеби шығарманың кейіпкерінің бейнелеу 5.1.4.2 кейіпкерлердің түрлі эмоциялық жағдайын көрсету 5.1.4.3 ертегілерді сахналауға қатысу	6.1.4.1 мұғалімнің көмегімен әдеби шығарманың кейіпкерінің бейнелеу 6.1.4.2 кейіпкерлердің түрлі эмоциялық жағдайын көрсету 6.1.4.3 шағын шығармаларды сахналауға қатысу	7.1.4.1 әдеби шығарманың кейіпкерінің бейнелеу 7.1.4.2 кейіпкерлердің түрлі эмоциялық жағдайын көрсету	8.1.4.1 әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу 8.1.4.2 өз бетімен әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу	9.1.4.1 өз бетімен әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу, сахналау	10.1.4.1 өз бетімен әдеби шығармалардағы сахналау

2) оқылым:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Оқылым стратегияларының	5.2.1.1 әдеби сөздің нормала	6.2.1.1 шағын ертегі, тақпақ,	7.2.1.1 әдеби шығармаларынан	8.2.1.1 қазақ тілі орфоэпиясының	9.2.1.1 орфоэпиялық норманы	10.2.1.1 оқу процесінің

олдану	рын сақтай отырып саналы түрде тұтас сөздермен дауыстап дұрыс оқу 5.2.1.2 мәнерлеп оқу: мәтіннің мазмұны мен мағынасына сәйкес интонация мен сөз қарқындылығын сақтау (кідіріс, логикалық ойлау дауыс сарыны) 5.2.1.3 рөлге бөлініп оқу («драматизация») 5.2.1.4 іштей оқу негізінд	мәтіндерді мәнерлеп, дұрыс, интонациясын сақтап, тыныс белгілеріне тоқтап оқып, негізгі мазмұнын түсіну 6.2.1.2 әдеби сөздің нормаларын сақтай отырып саналы түрде дауыстап дұрыс оқу 6.2.1.3 іштей оқу 6.2.1.4 алдына берілген тапсырмаларды орындау мақсатымен (мәнерлеп оқуға дайындалу, сұрақтар бойынша белгіленг	қысқа үзінділерді интонацияларын сақтап, мәнерлеп саналы түрде оқу 7.2.1.2 оқу техникасын, тыныс белгілеріне сәйкес келмейтін логикалық кідірістерді сақтау дағдыларын жетілдіру 7.2.1.3 тақпақтар жаттау; жатқа 10 тақпақ білу	нормаларын сақтай отырып оқу 8.2.1.2 әдеби шығармаларды саналы түрде оқу 8.2.1.3 тақпақтармен прозалық үзінді жаттау. 10 тақпақ білу	және негізгі ерекшеліктерді сақтап әдеби шығармаларды оқуын жетілдіру 9.2.1.2 жоспар құру, жоспар бойынша мазмұнын айту 9.2.1.3 сыныптан тыс газет, журнал, қолжетімді шағын шығармаларды оқу; 9.2.1.4 тақпақтармен прозалық үзінді жаттау; жатқа 10 тақпақ және 2 прозалық үзінді білу	техникалық және мазмұндық жағын жетілдіру 10.2.1.2 мәтіннің мазмұнын толық айту 10.2.1.3 газет, журнал, мақалаларындағы қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылу нормасын, интонациясын сақтап, саналы оқып түсіну, сұраққа жауап беру
--------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	е әртүрлі тапсырмаларды орындау 5.2.1.5 жеңіл әңгімелерді өзбетімен оқу 5.2.1.6 мұғалімнің тапсырмаларын орындау (қойылған сұраққа жауап табу, мазмұндауға, мәнерлеп оқуға дайындалу) 5.2.1.7 тақпақтар жатқа 6-8 тақпақ білу	ен бөліктерінен анықтау, мазмұндауға дайындалу) 6.2.1.5 тақпақтар жаттау. жатқа 8-10 тақпақ білу				
2.2 Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	5.2.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау	6.2.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау және өз	7.2.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау және өз	8.2.2.1 қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылым	9.2.2.1 қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылым	10.2.2.1 қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылым

		таңдауын дәлелдеу	таңдауын дәлелдеу	дық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	дық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	дық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату
2.3 Сыныптан тыс оқу	5.2.3.1 білім алушылардың оқырман дербестігін қалыптастыру 5.2.3.2 мұғалім берген тақырып бойынша тәрбиеші көмегімен мектеп кітапханасынан кітап таңдау 5.2.3.3 оқыған материалдар бойынша әңгімелесу 5.2.3.4 қызықты үзінділер оқу және	6.2.3.1 балалар көркем әдебиетін, балаларға арналған газет, журналдарды жүйелі түрде оқу 6.2.3.2 мұғалім берген форма бойынша сыныптан тыс оқудың күнделігі немесе стендісін жүргізу 6.2.3.3 оқыған шығарманы талқылау 6.2.3.4 оқыған кітаптарға ұжыммен шағын пікір құрастыру	7.2.3.1 жазушылардың өмірінен негізгі ақпараттарды білу 7.2.3.2 мектеп кітапханадан кітаптар алып оқу 7.2.3.3 балаларға арналған газет, журналдардан шағын мақалаларды өзбетімен оқу 7.2.3.4 мұғалімнің көмегімен пікірлер құрастыру 7.2.3.5 шығарманың негізгі ойын жеткізе	8.2.3.1 балаларға арналған кітаптарды, газет, журналдардан мақалаларды өзбетімен оқу 8.2.3.2 оқыған кітаптарды, мақалаларды талқылау 8.2.3.3 кітапқа пікір құрастыру 8.2.3.4 талқылау мақсатымен бір тақырыпта мерзімді баспа сөздегі мақалаларды оқу 8.2.3.5 мұғалімнің көмегіме	9.2.3.1 балаларға арналған кітаптарды, газет, журналдардан мақалаларды өзбетімен оқу 9.2.3.2 оқыған кітаптарды, мақалаларды талқылау 9.2.3.3 оқыған кітаптар, газет, журналдарға пікір құрастыру 9.2.3.4 сыныптан тыс оқудың күнделігін жүргізу	10.2.3.1 оқыған кітаптар, газет, журналдарға мақалаларға пікір құрастыру 10.2.3.2 сыныптан тыс оқудың күнделігін жүргізу

	мазмұндау 5.2.3.5 оқыған кітаптарға ұжыммен шағын пікір құрастыру 5.2.3.6 мұғалімнің қалауы бойынша сыныптан тыс оқуын бақылайтын карточкаларын талдау	6.2.3.5 мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқыған мәтінді 6.2.3.6 бас кейіпкерлерді атау және оларға деген өз көзқарасын білдіру	білу 7.2.3.6 кейіпкерлердің қылықтарына бағалай білу	н талқыланатын жатқан оқиғаны бағалау 8.2.3.6 сыныптан тыс оқудың күнделігінен жүргізу		
2.4 Өртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздіктен қажетті ақпаратты ала білу	6.4.2.1 мұғалімнің көмегімен балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу	7.4.2.1 мұғалімнің көмегімен балаларға арналған газет-журналдардан, сөздіктерден қажетті ақпараттарды алу	8.4.2.1 мұғалімнің көмегімен энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу	9.4.2.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан деректерді алу	10.4.2.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану

3) тілдесу:

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
